

04

ЖОҚТАН БАР ЖАСАУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ

НЕМЕСЕ КӨНДІ ҚҰНДЫ РЕСУРС
ЕТКЕН ЖАПОНИЯ ҮЛГІСІ

06

ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН
ЕСІЛ ЕР

НЕМЕСЕ ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ
НЕГЕ ҰМЫТ ҚАЛДЫ?

1913 - 2026

ҚАЗАҚ

газетіне - 113 жыл

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com

ҚАЗАҚ

газетіне - 113 жыл

ҚАЗАҚ

газетіне - 113 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 35 (1347), 02.09.2026

+7 (701) 505 48 48

+7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

qazaq1913_

qazaq gazeti

qazaq1913

1913-1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267-ші санынан қайта жаңғыртты

ЕРЛАН ҚАРИН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ АТАНДЫ → 03

ҚҰРЫЛТАЙ:

САЯСИ ЖҮЙЕДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ
БІРІНШІ СЕССИЯСЫ

ПЕРВАЯ СЕССИЯ
КУРУЛТАЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПЕРВОГО СОЗЫВА

28

тамызда Астанада өткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа бір палаталы заң шығарушы органың алдына қойылатын міндеттерді айқындап, елдің алдағы даму бағытына қатысты маңызды мәселелерді қозғады. Президенттің сөзі тек жаңа органың жұмысын бастауымен шектелмей, саяси жаңғыру, заң сапасы, экономика, әлеуметтік саясат, ұлттық сана және жасанды интеллект сияқты бірнеше бағытты қамтыды. Президент Құрылтайдың жұмысын бастауын ел тарихындағы ерекше кезең деп бағалады. Оның айтуынша, жаңа Конституцияға сәйкес Құрылтайдың ресми түрде жұмысқа кірісуі мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісінің басталғанын көрсетеді.

ҚАНИПАШ МӘДІБАЙ: АБАЙ ПОЭТИКАСЫ, АБАЙТАНУ, ТЕКСТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ → 07

ТАМЫЗДАҒЫ ТАҢҒЫ ТҮТІН

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

6

тамыз. Күнтізбедегі осы бір күнді әлем 1945 жылдан бері жалғыз мағынада ұғып келеді, себебі дәл сол күні таңертең, сағат тілі тоғызға жетпей тұрып, Хиросима қаласының күлі көкке ұшты. Қала қас пен көздің арасында жоқ болды, ал оның үстінде тұтанған түтінді ұшақ үстінен көрген адам ғұмыр бойы ұмыта алмаған. Ол от жапон жағалауында қалып қойған жоқ. Арада төрт-ақ жыл салып, тағы да тамыз айында, дәл сондай таң алдында, сол жалын қазақ даласының төсінде тұтанды. Тарихқа 1949 жылдың 29 тамызы деп жазылған сол күннен кейін

дәл 40 жыл бойы жұмған аузын ашпады. Жарылыс болды, жер солқылдады, ағайын аурушаң болып қалды, ал оның бәрін ашық айтуға тыйым салынды. Көп өтпей ақыры дәл тіл қатты. Одан кейін жарлыққа қол қойылып, полигон 1991 жылғы 29 тамызда жабылды, яғни алғашқы жарылыс болған күнмен дәлме-дәл түсті. Арада 42 жыл жатыр, ал мұндай кездейсоқтықты жазушының қиялы да құрастыра алмас еді. Дегенмен, даланың үнін шығарған дата тамыз айына сәйкес келіп, бүгінгі күнмен дәл түсіп тұр.

ҚАЗАҚ

газетіне - 113 жыл

ҚАЗАҚ

газетіне - 113 жыл

ЕРЛАН ҚАРИН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ АТАНДЫ → 03

ҚҰРЫЛТАЙ:

САЯСИ ЖҮЙЕДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ
БІРІНШІ СЕССИЯСЫ

ПЕРВАЯ СЕССИЯ
КУРУЛТАЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПЕРВОГО СОЗЫВА

28

тамызда Астанада өткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа бір палаталы заң шығарушы органың алдына қойылатын міндеттерді айқындап, елдің алдағы даму бағытына қатысты маңызды мәселелерді қозғады. Президенттің сөзі тек жаңа органың жұмысын бастауымен шектелмей, саяси жаңғыру, заң сапасы, экономика, әлеуметтік саясат, ұлттық сана және жасанды интеллект сияқты бірнеше бағытты қамтыды. Президент Құрылтайдың жұмысын бастауын ел тарихындағы ерекше кезең деп бағалады. Оның айтуынша, жаңа Конституцияға сәйкес Құрылтайдың ресми түрде жұмысқа кірісуі мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісінің басталғанын көрсетеді.

ҚАНИПАШ МӘДІБАЙ: АБАЙ ПОЭТИКАСЫ, АБАЙТАНУ, ТЕКСТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ → 07

ТАМЫЗДАҒЫ ТАҢҒЫ ТҮТІН

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

6

тамыз. Күнтізбедегі осы бір күнді әлем 1945 жылдан бері жалғыз мағынада ұғып келеді, себебі дәл сол күні таңертең, сағат тілі тоғызға жетпей тұрып, Хиросима қаласының күлі көкке ұшты. Қала қас пен көздің арасында жоқ болды, ал оның үстінде тұтанған түтінді ұшақ үстінен көрген адам ғұмыр бойы ұмыта алмаған. Ол от жапон жағалауында қалып қойған жоқ. Арада төрт-ақ жыл салып, тағы да тамыз айында, дәл сондай таң алдында, сол жалын қазақ даласының төсінде тұтанды. Тарихқа 1949 жылдың 29 тамызы деп жазылған сол күннен кейін

дәл 40 жыл бойы жұмған аузын ашпады. Жарылыс болды, жер солқылдады, ағайын аурушаң болып қалды, ал оның бәрін ашық айтуға тыйым салынды. Көп өтпей ақыры дәл тіл қатты. Одан кейін жарлыққа қол қойылып, полигон 1991 жылғы 29 тамызда жабылды, яғни алғашқы жарылыс болған күнмен дәлме-дәл түсті. Арада 42 жыл жатыр, ал мұндай кездейсоқтықты жазушының қиялы да құрастыра алмас еді. Дегенмен, даланың үнін шығарған дата тамыз айына сәйкес келіп, бүгінгі күнмен дәл түсіп тұр.

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2026 ЖЫЛАҒЫ 4 ҚЫРКҮЙЕККЕ АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМЫ

EUR/KZT 531.39 USD/KZT 458.45 RUB/KZT 5.29 TRY/KZT 9.5 CNY/KZT 68.2 JPY/KZT 2.86 KGS/KZT 5.24



КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ШЫҰ ПЛЮС» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы «ШЫҰ плюс» форматында жалғасты. Президент саммитте сөз сөйлеп, Қырғызстанның ШЫҰ-ға төрағалығы жоғары деңгейде өтіп жатқанын айтты.

– Қырғызстан Ұйым мүшелерін жұмылдырып, біздің ұсыныстарымыздан «Тұрақты бейбітшілік, даму және өркендеу жолындағы бірлік» ұраны аясында мазмұнды күн тәртібін қалыптастырды. Бішкек саммитінің қорытындысы ортақ мақсаттарға бір табан жақындатып, Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты сақтайтын басты тіректердің бірі ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымын нығайта түсетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ортақ стратегиялық міндетке тоқталды. Оның пайымдауынша, күш көрсету культі мен конфронтация орнына өзара жауапкершілік, бірлесе даму және ұзақмерзімді ынтымақтастық салтанат құратын жаңа әлемдік тәртіп қалыптасуға тиіс.

– Халықаралық аренадағы мұндай ықпалдастықтың ең үлгілі моделі «Шанхай рухы» екенін ШЫҰ-ның көпжылдық тәжірибесі анық көрсетеді. Ұйым қызметіндегі теңдік пен консенсус қағидаттары, шын мәнінде, көпжақты ынтымақтастықты табысты дамытудың үздік өлшеміне айналды. Сондықтан, ШЫҰ-ның басты қағидаттарын Халықаралық көпжақты ынтымақтастық және бейбітшілік жолындағы дипломатия күніне арналған БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы қарарында бекітуді ұсынамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде Қазақстанда соңғы жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформалар жүргізілді.

– 1 шілде күні күшіне енген жаңа Конституция еліміздің орнықты дамуына берік негіз қалады. Ата заң ережелері жаңа мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырды. Бұл өзгерістер әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтуға, сондай-ақ Әділетті, Озық Қазақстанды құруға бағытталған. Жаңа заң шығарушы орган – бір палаталы Құрылтай қызметіне кірісті, – деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев реформалардың табысты жүзеге асуына және Құрылтай сайлауына орай жылы лебізін жолдаған мемлекеттер басшыларына алғыс айтты. Сондай-ақ, Қазақстан теңгерімді, сындарлы әрі бейбіт сыртқы саясаттан ешқашан айнымайтынын растады.

Бұдан кейін Президент Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметін одан әрі жетілдіруге қатысты пікір білдірді.

– БҰҰ атына жиі сын айтылады. Кейбір сын орынды болса да, бәрібір бұл Ұйымның баламасы жоқ. Оны нығайту, тиімділігін арттыру – ортақ міндетіміз. БҰҰ-ның аймақтық құрылымдармен, соның ішінде ШЫҰ-мен тығыз ықпалдастығы осы мақсатқа сай келеді. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық жүйенің өзегі, ал оның Жарғысы халықаралық құқықтың әмбебап негізі болып қалуға тиіс деп санайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміз БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің халықаралық құқықты қорғауға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Бас хатшының бастамасымен қолға алынған реформа БҰҰ-ның әмбебап сипатын сақтап, оны анағұрлым тиімді, нақты нәтижені көздейтін құрылымға айналдыруға тиіс. Ал, өзгерістердің сәтті өрбуі саяси ерік-жігер мен Ұйымға мүше мемлекеттердің жауапкершілігіне байланысты.

Бұдан бөлек, Президент орта державалардың рөлі артып келе жатқанына айрықша назар аударды.

– Мұндай елдер түрлі орталықтар арасындағы диалогқа және ұжымдық шешімдер әзірлеуге ықпал ете алады. Олардың ұстанымдары мен бастамалары жаһандық басқару тетіктерінде барынша ескерілуге тиіс. Қазақстан бұл үдеріске белсене атсалысуға дайын. Превентивті дипломатияны нығайтпай, Біріккен Ұлттар Ұйымын институттық тұрғыдан жаңғырту мүмкін емес. Қақтығыстардың алдын алу және дау-дамайды бейбіт жолмен реттеу мәдениетін қалыптастыру үшін ұжымдық күш-жігер керек. Осы бағдарды басшылыққа алған Қазақстан биыл шілде айында Қытай Халық Республикасының бастамасын қолдап, Медиация жөніндегі

1 қыркүйек – Шанхай ынтымақтастығы ұйымының мерейтойлық саммиті. Осылайша, екі күнге созылған алқалы жиынға Алатаудың баурайына 17 елдің басшысы мен бірқатар халықаралық ұйымдардың төрағалары жиналды.

ФОТО: AKORDA.KZ

халықаралық ұйым құру туралы конвенцияға мүше болды, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, жаһандық тұрақтылық жасанды интеллектіні дамыту аясындағы жауапкершілікке көбірек тәуелді.

– Жасанды интеллектінің жасампаз әлеуетін ашатын, оның бақылаусыз қолданысына жол бермейтін және цифрлық алшақтықты қысқартатын әмбебап ережелер қажет. Қазақстанның бастамасымен Алматыда БҰҰ Азия-Тынық мұхиты елдеріне арналған экономикалық және әлеуметтік комиссияның (ЭСКАТО) Азия-Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығы құрылады. Орталық, ең алдымен, дамушы елдердің игілігі үшін озық тәжірибелерді кеңінен таратуға септігін тигізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, су қауіпсіздігі әлемнің күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ретінде аталды.

– Азық-түлік, энергетика және әлеуметтік салалардағы тұрақтылық, сондай-ақ экономикалық даму суға тікелей тәуелді. Дегенмен, су ресурстарын жаһандық басқару жүйесі әлі толық қалыптаспаған. Су проблематикасымен БҰҰ-ның ондаған құрылымы айналысады. Алайда, кең өкілеттікке ие біртұтас үкіметаралық әмбебап ұйым құрылған жоқ. Дәл осы себепті Қазақстан БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымының негізін қалауды ұсынды. Оның міндеті – қолданыстағы тетіктерді қайталамай, керісінше, ортақ істі үйлестіру, үкіметтер арасындағы тұрақты диалогты қамтамасыз ету, ресурстарды жұмылдырып, өзара келісімді шешімдер әзірлеу. ШЫҰ Су мәселелерін талдау орталығы осы жаһандық бастаманы өңірлік деңгейде толықтыра алар еді. БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымы мен ШЫҰ Су мәселесін талдау орталығын құру туралы ұсынысыма мүше мемлекеттер қолдау көрсетеді деп сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сөз соңында Шанхай ынтымақтастық ұйымының Еуразия кеңістігіндегі елдердің ұзақмерзімді әрі табысты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндігі жеткілікті екенін айтты.

– Жалпыға ортақ әрі біртұтас қауіпсіздік, терезесі тең егемендік пен өзара құрмет қағидаттарын халықаралық қатынастардың ажырамас бөлшегі ретінде бекіту – ортақ жауапкершілігіміз. Шанхай ұйымы қауіпсіз және орнықты әлемдік тәртіпті құруға лайықты үлес қосатынына сенімдімін. Қазақстан Ұйым аясындағы барлық серіктес мемлекеттермен дәл осы бағытта конструктивті жұмыс атқарады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бішкекте өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 26-отырысы қорытындысында ұйымның төрағалығы Пәкістанға берілді.

ШЫҰ Бас хатшысы Нұрлан Еркембаевтың сөзінше, Пәкістанның төрағалығы «Көзқарастан инновацияға: инновация мен өркендеуді байланыстыру» тақырыбымен өтеді. Сондай-ақ, Пәкістанның Лахор қаласы 2026-2027 жылдарға ШЫҰ-ның туризм және мәдени астанасы болып жарияланды.

Айта кетейік, Шанхай бестігінен басталған бірлестік бүгінде алып беделді ұйымға айналған. Құрамында – 10 мемлекет. Еуразия құрлығының 65 пайызын алып отыр. 3,5 млрд-қа жуық халқы бар. Алып нарық. Ұйымға мүше елдер арасындағы өзара сауда-саттық жайы да жоғары деңгейде. 2024 жылы тауар айналым 650 млрд доллар болса, биылғы болжам бойынша бұл көрсеткіш 720 млрд доллардан аспақ.

Қали ҚАМБАРОВ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЕЛІМІЗ БОЙЫНША 57 ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, жаңа оқу жылы қарсаңында 62 мың оқушы орнына арналған 57 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Жаңа нысандардың ашылу қолданыстағы мектептердің жүктемесін азайтып, балалардың заманауи жағдайда білім алуына мүмкіндік береді.

Жаңа мектептердің ең көбі Алматы қаласында, Батыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды, Ақтөбе және Түркістан облыстарында ашылды. Оларда оқу сабақтарын өткізуге, спортпен шұғылдануға, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және техникалық дағдыларын дамытуға қажетті жағдайлар қарастырылған.

Апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу жұмыстары да жалғасуда. Құрылыс Арнаулы мемлекеттік қордың, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, жергілікті бюджеттердің қаражаты және тартылған жеке инвестициялар есебінен жүргізілуде. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 1300 мектепті реновациялау бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама мектеп ғимараттары мен материалдық-техникалық базаны жаңартуды, қауіпсіздік деңгейін арттыруды және заманауи білім беру ортасын қалыптастыруды көздейді.

Білім беру инфрақұрылымының тапшылығын кезең-кезеңімен азайту және еліміздің барлық өңірінде балалардың білім алуына тең жағдай жасау бағытындағы жұмыс жалғасады.

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ӘЛЕМНІҢ ЖЕТЕКШІ ҒАЛЫМДАРЫН ШЕТЕЛДІК МҮШЕ ЕТІП САЙЛАДЫ



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы (бұдан әрі – Академия) әлемдік ғылыми қауымдастықпен ынтымақтастықты нығайту жолында маңызды қадам жасады.

Академияның 2026 жылғы 18 тамыздағы №5 Жалпы жиналысының шешімімен Академияның шетелдік мүшелері сайланды. Бұл шешім отандық ғылымды жаһандық ғылыми кеңістікке интеграциялауға, халықаралық ғылыми әріптестікті дамытуға және озық білім мен тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Академияның шетелдік мүшелері болып әлемдік деңгейдегі төмендегі жетекші ғалымдар сайланды:

МУЗАФФЕР ШЕКЕР (Түркия) – Түркия ғылым академиясының (TÜBA) президенті, PhD, профессор. Қан тамырлары, сүйек тіздері, нейроанатомия және ұрық анатомиясының морфометриялық зерттеулері саласындағы жетекші ғалым.

НАЖАТ МОХТАР (Марокко) – МАГАТЭ Бас директорының орынбасары, PhD. Эндокринология, метаболизмдік бұзылыстар, клиникалық нутрициология, сондай-ақ медицинада ядролық және изотоптық технологияларды қолдану саласындағы жетекші ғалым.

KAI-FU LEE (Қытай) – Қазақстан Республикасы Президентінің штаттан тыс кеңесшісі, Ph.D. Жасанды интеллект, тілтаным және компьютерлік лингвистика бойынша жетекші маман.

ГРИФИТС САЙМОН (Ұлыбритания) – Бидай генетикасы және алдын ала селекция тобының жетекшісі (JIC), Ph.D. Генетика, селекция саласындағы жетекші ғалым, Ұлыбританиядағы генетикалық, геномдық және селекциялық зерттеулердің жетекшісі әрі үйлестірушісі.

Аталған шешім Қазақстан ғылымының халықаралық деңгейдегі беделін арттыруға және әлемдік ғылыми элитамен тығыз байланыс орнатуға бағытталған. Шетелдік мүшелердің қатысуы бірлескен ғылыми зерттеулерді дамытуға, инновациялық жобаларды іске асыруға және ғылыми кадрларды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы алдағы уақытта да халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту және елдің ғылыми әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ҚОҚЫСТАН ШАҚАЛАҚ ТАБЫЛДЫ

Жамбыл облысында қоқыс контейнерінен жаңа туған қыз бала тірі табылды. Қазір оның жағдайын дәрігерлер бақылап жатыр. Kazinform ақпаратына қарағанда, полиция оның анасын іздестіріп жатыр.

Оқиға Қордай ауданындағы Гвардейский гарнизонының аумағында болған. Табылғаннан кейін сәби медициналық мекемеге орналастырылды.

«Жаңа туған нәрестені қауіпті жағдайда қалдыру фактісі бойынша полиция қызметкерлері қылмыстық іс қозғады. Баланың анасының жеке басын анықтауға және оқиғаның барлық мән-жайын анықтауға бағытталған кешенді жедел-іздестіру және тергеу іс-шаралары жүргізіліп жатыр», – деп хабарлады Жамбыл облысы ПД баспасөз қызметі.

Тергеу жүріп жатқанда, жаңа туған нәресте дәрігерлердің бақылауында қалады. Оның жағдайы тұрақты деп бағалануда, өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрған жоқ.

30 ЖЫЛДАН КЕЙІН ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚЫЗМЕТ

ЕРЛАН ҚАРИН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ АТАНДЫ

Дүйсенбі, 31 тамызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысына қатысып, Конституцияның 46-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Вице-президенті мен Премьер-министрінің кандидатураларын Құрылтай депутаттарымен келісті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Вице-президент мемлекеттік басқару жүйесінде айрықша рөл атқарады, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді, Құрылтай депутаттарымен және Үкіметпен тығыз жұмыс істейді, Конституцияға сәйкес Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді іске асырады.

Президент бұл лауазымға Ерлан Тынымбайұлы Қариннің кандидатурасын ұсынды.

– Ерлан Қарин – елге танымал азамат. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде ұзақ жыл жұмыс істеді, көкжиегі кең, тәжірибесі мол, отаншыл азамат деп айтуға болады. Ауқымды реформаларды сапалы іске асыруға белсенді түрде атсалысты. Мемлекеттің стратегиялық бағдарын, даму жоспарын жақсы түсінеді. Сондықтан, Ерлан Тынымбайұлы Қаринді осы лауазымға лайық деп есептеймін. Құрылтайдан бұл кандидатураны қолдауды сұраймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ФОТО: AKORDA.KZ



ЕНДІ ФОНОГРАММАМЕН ӘН АЙТҚАН ӘНШІЛЕР АЙЫППҰЛ АРҚАЛАЙДЫ

Биыл 19 маусымда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №318-VIII ҚРЗ заңына қол қойды. Түзетулер концерттерде фонограмманы пайдалану тәртібін де қамтиды. Жаңа ережелер ресми түрде күшіне енді.

Құжатпен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 156-бабы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылды.

«Телевизиялық жазбаларды және концерттік ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арнайы бейімделмеген және арналмаған өзге де орындарды қоспағанда, концерттік ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде ұйымдастырушылардың, шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың дауыс фоно-

граммаларын пайдалануы жеке тұлғаларға – 100, заңды тұлғаларға – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді», – делінген заңда.

Егер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде әрекет қайталанатын болса, жеке тұлғалар – 150 АЕК, заңды тұлғалар – 200 АЕК мөлшерінде айыппұл арқалайды. Бірақ, бұл талап телевизиялық жазбалар мен түсірілімдерге бейімделмеген орындарға қолданылмайды.

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БОЛАШАҚҚА БІРГЕ ҚАДАМ» ЖИЫНЫ ӨТТІ



I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 1-курс студенттеріне арналған «Болашаққа бірге қадам» атты қабылдау жиыны өтті. Жаңа оқу жылының басталуына арналған шара студенттік өмірге алғаш қадам басқан жастарға ерекше көңіл күй сыйлады. Биылғы оқу жылында Жетісу университетіне бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша 2019 білім алушы қабылданды. Жиынға университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы, ата-аналар мен студенттер қатысты.

Шара барысында білім ордасының табалдырығын алғаш аттаған жас білімгерлерге ардагер ұстаздар бата беріп, студенттік өмірдің жаңа мүмкіндіктері мен жауапкершілігі туралы айтты. Жиында сөз алған I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ректоры, профессор Ермек Бөрібаев жастарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім мен ғылым жолындағы алғашқы қадамдарына сәттілік тіледі.

«Бүгін сіздер үшін ерекше күн. Университет табалдырығын алғаш аттап, үлкен білім ордасының студенті атандыңыздар. Алдарыңызда білім алуға, өз қабілеттеріңізді дамытуға, жаңа достар тауып, болашақ маман ретінде қалыптасуға мол мүмкіндік тұр. Жетісу университеті сіздердің сапалы білім алып қана қоймай, тұлға ретінде қалыптасуларыңызға барлық жағдай жасауға ұмтылады. Әр жас өзін дамытуға, ғылыми және шығармашылық жобаларға қатысуға, қоғамдық өмірге белсенді араласуға зор мүмкіндік алады. Біз сіздерден ізденіс, жауапкершілік және белсенділік күтеміз. Университеттің жетістігін еселейтін, ел болашағына қызмет ететін білікті маман болыңыздар. Студенттік жылдарыңыз жарқын жетістіктерге толы болсын!» – деді ректор.

Шара барысында 1-курс студенттеріне университеттің ішкі тәртібі, білім беру мүмкіндіктері, студенттік ұйымдар мен жастар бастамалары жөнінде ақпарат берілді.

«Болашаққа бірге қадам» атты қабылдау жиыны шағын концерттік бағдарламаға ұласып, жас білім алушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Сайлаудан – шешімдерге: жаңа Құрылтайдың қоғамдық сұранысты жүзеге асырудағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынға белгілі заңгерлер, мемлекеттік органдар мен сот қауымдастығының өкілдері, сондай-ақ ғылыми қауымдастық пен жас зерттеушілер қатысты.

ҚАЗҰУ-ДА ЖАҢА ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ САЯСИ РӨЛІ САРАПТАЛДЫ



Шараны ашқан университет басшысының кеңесшісі Еркін Дүйсенов ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын жеткізді. Өз үндеуінде ЖОО басшысы жүргізіліп жатқан саяси-құқықтық реформалар жағдайында азаматтардың мүдделерін білдіру, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы сындарлы диалогты арттырудың ерекше өзектілігін атап өтті. Сонымен қатар, ректор қоғамдық қатысу тетіктерін одан әрі жетілдіріп, халықпен тұрақты кері байланыс орнатудың маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында сарапшылар Құрылтай қызметінің конституциялық-құқықтық мәртебесін, өкілді орган ретінде қалыптасу ерекшеліктерін және мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету тетіктерін жан-жақты талқылады. Сонымен бірге азаматтық белсенділікті дамыту, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғау мен мемлекеттік институттар және халық арасындағы өзара іс-қимылды арттыру жолдарына басымдық берілді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік-құқықтық үдерістерді зерттеудегі ғылыми қауымдастықтың рөліне ерекше назар аударылып, пікірталасқа жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттар да белсене араласты.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша өкілді орган қызметін одан әрі дамыту, қоғамдық қатысу тетіктерін жетілдіру және халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар қамтылған арнайы қарар қабылданды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз қызметі

Мал мен құс шаруашылығынан шығатын көң мен саңғырық, бір қарағанда, жәй ғана қалдық ұқсап көрінуі мүмкін. Алайда, дұрыс технология қолданылса, ол ауыл шаруашылығы үшін құнды ресурсқа айналуы мүмкін. Бір жағынан, органикалық қалдықтарды тиімді басқару қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтса, екінші жағынан, топырақ құнарлылығын арттыратын тыңайтқыш өндіруге және фермер үшін қосымша табыс табуға мүмкіндік береді.

Нұрлайым
ЖАҚЫПҚЫЗЫ

■ АГРОКӘСІПОРЫННЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІГІ

Жапон инженерлері Қазақстандағы фермерлерге көң мен құс саңғырығын органикалық тыңайтқышқа айналдыратын арнайы жабдықтарды ұсынып отыр. Бұл шешім қалдықты кәдеге жаратып қана қоймай, оны шаруашылықтың экономикалық айналымына енгізуге мүмкіндік береді.

Жапонияның Kohshin Engineering Co., Ltd компаниясы ауыл шаруашылығы, инженерлік технологиялар мен экология салаларын тоғыстырып, осы бағытта жарты ғасырдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Компания тарихы 1970 жылдан басталады. Сол жылы Эйити Сумия ауыл шаруашылығы техникасын өндіретін кәсіпорын құрды. 1972 жылы Kohshin Engineering ресми түрде тіркелді. Ал, 1973 жылдан бастап компания мал шаруашылығы кәсіпорындарында түзілетін көңді өңдеу технологияларын әзірлеп, арнайы жабдықтар шығара бастады.

«Алғашқы жылдары біз ауыл шаруашылығына арналған түрлі жабдықтар өндірдік. Бірақ, фермерлерден трактор мен комбайн емес, құс саңғырығын кептіруге арналған құрылғы жасау жөнінде ұсыныстар жиі түсе бастады. Ол кезде құс саңғырығын тыңайтқыш ретінде пайдалану енді қолға алынып жатқан болатын», – дейді Kohshin Engineering Co., Ltd компаниясының бас директоры Кадзунори Сумия (суретте).

Алайда, уақыт өте келе ауыл шаруашылығының дамуы жай ғана кептіру технологиясымен шектелуге болмайтынын көрсетті. Себебі, кептірілген саңғырықтың құрамындағы қоректік заттар өсімдікке бірден сіңетін формада болмайды.

«Бұл егістікке кептірілген етті төгіп қойып, одан өсімдік қажетті қоректі алады деп күтпем бірдей. Сондықтан, компания мамандары көңді өңдеу процесін жетілдіруге кірісті. Бүгінде олардың технологиясы құс саңғырығы мен мал шаруашылығы жануарларының көңіндегі азот және басқа да қоректік элементтерді өсімдікке оңай сіңетін формаға айналдыруға мүмкіндік береді», – дейді компания басшысы.

Бір кездері шағын отбасылық кәсіп ретінде құрылған компания қазір халықаралық инженерлік бизнеске айналды. Бүгінде Kohshin Engineering жабдықтары әлемнің 43 елінде пайдаланылады.

Кадзунори Сумия – компания басшылығын қолға алған төртінші буын өкілі. Ол 2023 жылдан бері бас директор қызметін атқарып келеді. Оның қазіргі жұмысы – отбасылық бизнестің ондаған жылдар бойы жинақтаған тәжірибесін жаңа технологиялармен ұштастыру.

■ ҚАЛДЫҚТЫ ӨНДЕЙТІН – ТАБИГАТТЫҢ ӨЗІ

Kohshin Engineering компаниясының негізгі бағыты – мал және құс шаруашылығы кәсіпорындарынан шығатын көңді аэробты компосттау әдісімен өңдеуге арналған өнеркәсіптік жабдықтарды әзірлеу және өндіру.

Сырттай қарағанда, бұл инженерлік міндет секілді. Бірақ, оның астарында әлдеқайда ауқымды мәселе бар: агро-өнеркәсіптік өндірістен шығатын қалдықты қалайша пайдалы ресурсқа айналдыруға болады? Компания тәулігіне 4,4 тоннадан 70 тоннаға дейін көң өңдей алатын өнеркәсіптік компостерлер ұсынады.

Технологияның негізінде аэробты компосттау жатыр. Яғни, органикалық заттар оттегі бар ортада микроорганизмдердің көмегімен ыдырайды. Осы процестің нәтижесінде органикалық масса тұрақтанып, оның құрамындағы азот, фосфор, калий секілді қоректік элементтер өсімдікке анағұрлым қолжетімді формаға көшеді.

Технология қалдық көлемін азайтып, жағымсыз иістерді төмендетуге мүмкіндік береді. Ал, процесс дұрыс басқарылған жағдайда метан түзілуі де қысқарады. Нәтижесінде бұрын проблема болған көң ауыл шаруашылығына қажетті пайдалы ресурсқа айналады.

Микроорганизмдер органикалық қосылыстарды ыдыратқанда жылу беледі. Соның арқасында компостталатын массаның температурасы жоғарылайды. Сонымен бірге целлюлоза мен лигнин сияқты күрделі органикалық қосылыстар да ыдырайды.

Процесс дұрыс ұйымдастырылған жағдайда азот өсімдікке оңай сіңетін формалардың бірі – нитратқа айналады. Бұл өңделген көңнің құндылығын арттырады. Фермер дайын өнімді топыраққа енгізіп, оның құрамын органикалық заттармен байыта алады.

Қазақстанның көптеген топырағында органикалық заттардың мөлшері жеткілікті деңгейде емес. Сондықтан, органикалық тыңайтқыштарды қолдану елдің ауыл шаруашылығы үшін маңызды бағыттардың біріне айналуы мүмкін.

■ КӨҢ – ШЫҒЫН ЕМЕС, КІРІС

Бұл технология әсіресе күн сайын көп мөлшерде органикалық қалдық шығаратын ірі мал және құс шаруашылығы кәсіпорындары үшін өзекті. Мұндай шаруашылықтарда көңді басқару тек санитарлық немесе экологиялық міндет емес. Ол кәсіпорының экономикалық стратегиясының бір бөлігіне айнала алады.

«Әлемде мал шаруашылығы мен құс өсіру көлемі артып келеді. Бірақ, мал басын

ЭКОНОМИКА



ЖОҚТАН БАР ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

НЕМЕСЕ КӨҢДІ ҚҰНДЫ РЕСУРС ЕТКЕН ЖАПОНИЯ ҮЛГІСІ

көбейткенде фермерлер кейде ең басты мәселені – пайда болатын қалдықтарды қайда жіберу керегін ескере бермейді. Егер ешқандай шара қолданылмаса, көң шыбын-шіркейдің көбеюіне әкеліп, жағымсыз иіс пен қоршаған ортаға қатысты мәселелер туғызады. Технологиямызды дұрыс пайдалансаңыз, көң мен құс саңғырығын пайда әкелетін өнімге айналдыра аласыз. Біздің жабдық қалдықты ақшаға айналдырады», – дейді Кадзунори Сумия.

Жапония бұл мәселені ертерек қолға алған елдердің бірі. Ел аумағының шектеулі болуы ауыл шаруашылығы қалдықтарын басқаруға ерекше талап қойды. Осыдан 30-40 жыл бұрын жапон үкіметі фермерлерге көңді өңдеуді жай ғана таңдау ретінде емес, міндет ретінде қарастырды.

Жер көлемі кең мемлекеттерде жағдай өзгеше. Мұнда көңді бір жерден екінші жерге тасымалдауға едәуір қаражат жұмсалады.

«Құс саңғырығының құрамында су көп. Оны тасымалдау – лас суды тасымалдаумен бірдей. Біздің технологияны қолдансаңыз, логистика шығынын азайтып қана қоймай, тыңайтқыш өндіру арқылы табыс табуға мүмкіндік аласыз», – дейді компания басшысы.

■ ИНЖЕНЕРЛІК ШЕШІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗ

Kohshin Engineering компаниясы көң өңдеумен ғана шектелмейді. Оның өнім қатарында құс фабрикаларындағы торлы жабдықтарды тазалайтын роботтан-дырылған жүйелер, көлік контейнерлерін жууға арналған машиналар, жұмыртқа тасымалдағыштарды және саңылаулы едендерді тазалайтын жабдықтар, сондай-ақ органикалық және минералды тыңайтқыштарды араластыратын құрылғылар бар.



Компания әзірлеген Venus 2.0 роботы биіктігі төрт метрге дейінгі торлы жабдықтарды автоматты түрде тазалауға арналған. Ол автономды жұмыс істей алады және мобильді қосымша арқылы басқарылады. Мұндай жүйелер өндірістері қол еңбегін азайтып, жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Kohshin Engineering компаниясының маңызды ерекшеліктерінің бірі – инженерлік технологиялардың ғылыми зерттеулермен тығыз байланысы.

Компания Нагоя университетімен ынтымақтастық орнатып, қолданылып отырған технологияларға ғылыми негіздеме жасаумен айналысады. Сонымен қатар, топырақ құнарлылығын арттыруға ықпал ететін өнімдерді дамытуға басымдық береді. Кадзунори Сумия үшін бұл өте маңызды. Өйткені, компанияның мақсаты – тек жабдық сату емес. Технология нақты бір шаруашылықтың мәселесін шешіп, фермерге өлшенетін практикалық нәтиже беруі тиіс.

Kohshin Engineering компаниясының дамуындағы тағы бір маңызды қадам – органикалық тыңайтқыштарды өз өндірісінде шығару.

2026 жылы компания осы жобаны аяқтап, өзі әзірлеген жабдықтарды өндірістің өзінде пайдалануды жоспарлап отыр. Бұл – технологияны нақты жағдайда сынаудың өзіндік тәсілі. Яғни, компанияның инженерлік шешімдері клиенттердің шаруашылығында ғана емес, өзінің өндірісінде де тиімді жұмыс істеуі керек.

«Біз жаңа нарықтарға шыққан сайын жаңа идеяларға ашық фермерлерді кездестіреміз. Өңделген құс саңғырығының бағасы кептірілген өніммен салыстырғанда 5-10 есе жоғары болуы мүмкін», – дейді Кадзунори Сумия.

Оның айтуынша, мұндай өндіріс фермер үшін қиын кезеңде қаржылық тірек бола алады. Мысалы, жұмыртқа бағасы жыл бойы өзгеріп отырады. Біздің клиенттеріміздің арасында жұмыртқа бағасы төмендеп кеткен кезде тыңайтқыш сатудан түскен табыстың арқасында шаруашылығын сақтап қалған жағдайлар болды.

Жапонияда өңделген тыңайтқыштың ең төменгі бағасы тоннасына 40-50 доллар шамасында. Бұл елде жабдықтың өзін-өзі ақтау мерзімі – 8-10 жыл. Ал, Латын Америкасы мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде өңделген көңнің бағасы тоннасына 100-150 доллар аралығында. Еуропада оның бағасы 200 доллардан асады. Сондықтан, бұл нарықтарда инвестицияның қайтарым мерзімі 2-4 жылға дейін қысқарады.

Компания өкілінің айтуынша, орта бизнес деңгейінен бастап инвестицияның қайтарымы жылдамырақ болуы мүмкін. Тәулігіне 20 тонна көң өңдеген шаруашылықтың өзі жеткілікті рентабельділікке қол жеткізе алады. Ал, тәулігіне 40 тонна өңдеу көлеміне шыққанда инвестицияның өтелу мерзімі одан әрі қысқарады.

Kohshin Engineering жабдықтары автоматтандырылғанымен, өндіріс операторынан биологиялық процестерді түсінуге талап етіледі. Шикізаттың ылғалдылығы, оттегінің берілуі және басқа да көрсеткіштерді дұрыс бақылау маңызды.

Өңдеу процесі аяқталғаннан кейін 30-40 күн ішінде тыңайтқыш пайдалануға дайын болады. Ал, оны тағы біраз уақыт жетілдіріп, пісуіне мүмкіндік берсе, өнімнің сапасы жақсара түседі.

■ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАРАЙ БЕТ АЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯ

Компанияның бүгінгі негізгі міндеттерінің бірі – халықаралық нарықтағы ауқымын кеңейту. 2024 жылы Азия елдеріндегі нарықты дамыту және клиенттерге қызмет көрсетуге бағытталған Kohshin International компаниясы құрылды. Бұл бағыт ауыл шаруашылығы қарқынды дамып жатқан, сонымен бірге мал мен құс шаруашылығының өсуіне байланысты органикалық қалдық көлемі артып отырған мемлекеттер үшін ерекше өзекті.

Қазақстан үшін де көңді өңдеу мәселесі жыл өткен сайын маңызын арттыра түсуде. Мал шаруашылығы мен құс өсіру көлемінің артуы өндірістік қуатты көбейтумен ғана шектелмейді. Қалдықтарды тиімді басқару, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту және оларды қайтадан ауыл шаруашылығы айналымына енгізу мәселелері де қатар шешілуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жапон тәжірибесі Қазақстанның агробизнесі үшін қызықты болуы мүмкін. Мұнда әңгіме тек заманауи жабдық сатып алуда емес. Ең маңыздысы – ауыл шаруашылығы қалдықтарына деген көзқарасты өзгерту.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Көң – тек жойылуы тиіс қалдық емес. Дұрыс технология қолданылса, ол топырақты қоректендіретін тыңайтқышқа, ал тыңайтқыш – шаруашылық үшін қосымша табыс көзіне айналады.

Kohshin Engineering жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ауыл шаруашылығы техникасын өндіретін кәсіпорыннан ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған халықаралық инженерлік компанияға дейінгі жолдан өтті. Ал, Кадзунори Сумияның кәсіби тарихы отбасылық бизнестің дәстүрді сақтай отырып, жаңа заман талабына бейімделе алатынын көрсетеді. Оның философиясын бір сөйлеммен түйіндеуге болады: шынайы жетістік – қысқа мерзімді пайдада емес, үздіксіз даму, адальдық және өзгелерге пайда әкелуде. Көңді қайта өңдеу де дәл осы қағиданың бір көрінісі.

Бір кездері экологиялық мәселе саналған қалдық енді агробизнесінің жаңа мүмкіндігіне айналып отыр. Мұнда экономика мен экология бір-біріне қарсы қойылмайды. Керісінше, заманауи технология олардың мүддесін бір арнаға тоғыстырып, қалдықтан – ресурс, ал проблемадан – мүмкіндік жасауға жол ашады.

